

Темір аудандық мәслихатының "Темір ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 31 қазандағы № 88 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 365 шешімі

Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Темір аудандық мәслихатының "Темір ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 31 қазандағы № 88 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8431 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық
мәслихатының төрағасы

Б. Шаимов